



Бекітемін:

«Қараөзек ауылының ЖОББМ»

КММ басшысы

К.Е. Даирова

# 2024-2025 оқу жылы Мектептің ішкі тәртіп ЕРЕЖЕСІ

## **I. Негізгі жағдайлары**

1. Ішкі тәртіп ережелері мектеп және оның аумағына қолданылады.
2. Ереженің мақсаты, мектепте және оның аумағында сабақ оқуға, еңбек етуге қажетті жағдай жасау, жеке тұлғаға жан-жақты тәрбие беру арқылы азамат тұлғасын қалыптастыру.
3. Ережені бұзғаны үшін төмендегі шаралар қолданылуы мүмкін:
  - алдын алу мақсатында әңгіме жүргізу, педагогикалық кеңесте қарау, ұжымдық жиналыста, басшының өткізетін кеңесінде талқылау.
  - мектепшілік қадағалау тізіміне, аудандық кәметке толмаған жасөспірімдер ісі бөлімінің есебіне қою,
  - материалдық шығынды өтеу.
  - Ереже мен Жарғыны жүйелі түрде бұзғаны үшін мектептен шығару, жұмыстан босату
  - ата-анасына әкімшілік шара қолдану
4. Ережені бұзғаны туралы ақпарат қызметшіге, оқушыға, ата-аналарына (қамқоршысына) жеткізілуі тиіс. «Жеке іс-қағазына» енгізіліп, берілетін мінездеме көрсетілуі мүмкін.
5. Ереже оқу үрдісіне қатысушылардың барлығына қолдарын қойғызу арқылы таныстырылуы тиіс.

## **II. Оқу – тәрбие үрдісіне қатысушылар**

**(мұғалімдер, оқушылар, қызметшілер, ата-аналар, заңды тұлғалар)**

### **ҚҰҚЫЛЫ:**

1. Өзінің адамгершілік қадір-қасиетін сыйлата білуге, өз ойын еркін айтуға;
2. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандартына сай тегін бастауыш, негізгі және орта білім алуға;
3. Келесі сыныпқа толық оқу бағдарламасын меңгергеннен кейін көшірілуіне;
4. Ғылыми зерттеулерге, эксперименттерге, жарыстар мен олимпиадаларға қатысуға;
5. Мектеп кітапханасының ақпараттық қорын, оқулықтарын тегін қолдануға;
6. Қосымша (сонымен қатар төлемді) білім алуға;
7. Білім мекемесін басқару ісіне, мектеп өміріне қатысты сұрақтарды шешуге өзін-өзі басқару ұйымдары арқылы қатысуға;
8. Еңбектегі, оқудағы жетістіктері үшін алғыс білдірумен, Мақтау қағазы мен Құрмет грамотасымен, бағалы сыйлықпен, медальмен және т.б. марапатталуға;
9. Құжаттарын, жеке іс-қағазын, кету парағын толтырғаннан кейін ғана алуға (оқушының құжаттары тек ата-анасына немесе қамқоршысына беріледі).

## **III. Оқу-тәрбие үрдісіне қатысушылар МІНДЕТІ:**

1. Қауіпсіздік негіздерін, өрт қауіпсіздігі ережелерін, мектеп Жарғысы мен Мектепшілік тәртіп ережесін сақтауға;
2. Өзінің айналасындағы адамдарды сыйлап, өзін сыйлата білуге;
3. Жеке басының, мектептің абыройын түсірмеуге;
4. Сабаққа, жұмысқа 10-20 минут ерте келуге;
5. Киімдерін, аяқ-киімдерін таза, шаш сәнін лайықты ұстауға, сыртқы киімдерін киім бөлмесіне тапсыруға, ауа райына сәйкес екінші аяқ киім әкелуге;



- 6.Бекітілген үлгі бойынша (Қыз балалар үшін: тізеге дейін көк түстіклеткалы юбка,көк түсті күрте және жейде), күңгірт түсті аяқ киім 4 см биік болмауы тиіс. Ұл балалар үшін:классикалық үлгідегі көк түсті шалбар,көк түсті күрте және ақ жейде) мектеп формасын киюге;
- 7.Ғимарат ішімен оның ауласын,бекітілген жұмыс орнын таза ұстауға (жауапкершілік мақсатында);
- 8.Мұғалімді тұрып қарсы алып,рұқсатымен отыруға,сол сияқты сабақ уақытында кірген үлкен кісілерді де қарсы алуға;
- 9.Қоңырау соғылғаннан кейін мұғалімнің рұқсатымен сыныптан шығуға: мұғалімге сұрақ кою немесе сыртқа шығу қажет болса қолын көтеріп,мұғалімнен рұқсат сұрауға;
- 10.Оқушылар сабаққа міндетті түрде оқу құралдарын,спорттық киімдерін әкелуге;
- 11.Әр оқушы оқу-тәрбие жұмысының бір элементі ретінде оқушы күнделігін толтыруға;
- 12.Мектеп кітапханасынан берілген оқу-әдебиет құралдарын ұқыпты ұстауға:жоғалған,бүлінген жағдайда өз есебінен қалпына келтіруге;
- 13.Теориялық білімін,практикалық іскерлігі мен дағдысын жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай алуға;
- 14.Сынақтармен емтихандары бекітілген ережеге сай тапсыруға;
- 15.Сабақ барысында және мектепішілік іс-шараларда тәртіп сақтауға:асханада тәртіп сақтап,ыстық және сұйық тамақ алған кезде абай болып,тамақтанғаннан кейін пайдаланған ыдысты жинауға;
- 16.Бекітілген кестеге сәйкес кезекшілік міндетін жауапкершілікпен атқаруға кабинеттерде тәртіп сақтауға,мұғалімге сыныпта сабаққа дайындауға көмектесуге,сабақтан кейін тақтаны жуып,шаңды сүртіп,жиһазды дұрыстап,гүлдерге су құйып қоқысты жинап шығаруға;
- 17.Мектеп ғимаратын және оның аумағын көріктендіру жұмыстарына шамасына қарай қатысуға
- 18.Дене шынықтыру сабақтарында және сыныптан тыс спорттық іс-шаралар өткізген уақытта оқушылар спорттық киімдер киюге міндетті:футболка,спорттық костюм және аяқ киім.

#### IV. Оқу-тәрбие үрдісіне қатысушыларға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:**

1. Мектепке және ауласына жарылғыш,салқын қару,өртке қауіпті,есірткі заттарды,алкоголдік ішімдіктерді әкелуге және қолдануға;
- 2.Мектепте және мектеп ауласында темекі шегуге;
3. Құмарлық туғызатын ойындарды ойнауға және балағат сөздер айтуға;
- 4.Өзінің және басқаның өміріне қауіп төндіретін,денсаулыққа зиян келтіретін іс-әрекеттер жасауға (баспалдаққа жүгіруге,жақтау мен сырғанауға,терезе жақтауына тұру,электр құралдарын қосып-сөндіру,бірін-бірі итеру,заттармен лақтырысу,т.с.с.)
- 5.Сабақ үстінде портативті музыкалық құралдарын (смартфон т.б) қолдануға;
- 6.Ұялы телефондарды сабақта және сыныптан тыс іс-шаралар кезінде қолдануға;
- 7.Мектеп мүліктерін бүлдіруге;
- 8.Жұмысқа,сабаққа кешігуге;



- 9.Сабақта тәртіп бұзуға(сөйлесуге,ойнауға,басқа іс-әрекеттермен айналысуға,өзінің және сыныптастарының назарын басқаға аударуға);
10. Мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз сабақтан басқа іс-шараларға босатуға;
- 11.Себепсіз сабақты босатуға(себепті жағдайлар анықтамамен расталған аурығаны және ата-ананың(қамқоршысының)мектеп басшысының атына жазылған өтініші);
- 12.Мектеп әкімшілігі және сынып жетекшісінің жазбаша рұқсатынсыз барлық сабақ аяқталғанша мектептен кетуге;
13. Арнайы рұқсатсыз және адам өмірі қауіпсіздігі,жолда жүру ережелері,мәдени орындарда өзін –өзі ұстау,басқа да сәйкес нұсқауларсыз топпен серуендеуге,киноға,театрға,мұражайға,т.б орындарға баруға;
- 14.мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз бекітілген кестеден тыс іс-шараларды,үйірмелерді,спорттық секцияларды жүргізуге;
- 15.Қоғамдық –саяси ұйымдарға,секталарға,табыну қоғамдастықтарына т.б.ұйымдарға кіруге үгіт жұмыстарын жүргізуге;
- 16.Сауда-саттық жүргізуге(сату,сатып алу,айырбас жүргізу,қарыз алу);
- 17.Демалыс,мереке күндері (кезекшіліктен басқа)және жұмыс күндері сағат 20.00-ден кейін мектеп ішінде болуға.
- 18.Діни атрибуттары бар киімдерді киюге және бас киіммен жүруге.
- 19.Іскерлік стильге жатпайтын киімдерді киюге: а)Спорттық киімдер,футболкалар,қысқа кеудешелер,ашық өңірлі блузкалар т.б; ә)Джинсыйлар,шалбарлар,қысқа белдемшелер,тізеден 10см жоғары белдемшелер т.б. б)селдір,түрлі –түсті киімдер т.б.: в)Аксессуарлар: Оқушыларға алқалар мен косметикалар,түссіз лакпен боялған тырнақтар.
20. Шашты жалбыратып жүруге,бояуға тыйым салынады.

**«Ақмола облысы Білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

Бұл ереже «Білім туралы» Заңы, Мектеп жарғысы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

**КІРІСПЕ**

1.Берілген ережелер Заңға сай,Мектеп жарғысы және білім саласындағы өкілетті ұйымдардың бұйрықтары негізінде құрастырылған.

2.Нақты ережелер оқушылар,ұстаздар мен ата-аналар арасындағы тәртіпті реттейді,сонымен қатар олардың арасындағы қарым-қатынастың жалпы міндеттерін жүктейді.

3.Негізгі ережелердің мақсаты: а)Оқу-тәрбие үрдісін,жұмыс тәртібін ұйымдастыруды жалпы әдістемемен қамтамасыз ету. б)Сабақты дұрыс және ұтымды ұйымдастыру. с) Жаңадан келген оқушылар үшін оқу әсән ұйымдастыру туралы мәлімет беру.

4.Ереже мектептің барлық оқушыларына,ата-аналарына,ұстаздарына қатысты.

5.Ішкі ережелердің тәртібі 4 тараудан тұрады.



1 тарау. Оқу үрдісіне қатысушыларға арналған бірыңғай ережелер, тәртіпке қойылатын жалпы талаптар көрсетілген.

2 тарау . Мектеп оқушылары үшін ережелер көрсетіледі.

3 тарау. Мектеп оқушыларының ата-аналары үшін ережелер белгіленеді.

4 тарау. Мектептің педагогикалық ұжымының жұмысын рәсімдейтін ережелер берілген.

5. Ережерге байланысты келіспеушіліктер, сонымен қатар оқушылармен, ұстаздармен және ата-аналармен талас сұрақтар туындаса, мектеп басшысы өзі жекелей шешеді немесе әкімшілік кеңесте шешім қабылданады.

6. Ережелер оқушыларға және олардың ата-аналарына сынып сағаттары және ата-аналар жиналысы арқылы жеткізіледі.

7. Ережелер кеңседе сақталады, мектеп сайтында жарияланады және барлық оқушылар, ата-аналар, ұстаздар үшін қол жетімді.

## **I тарау. Жұмыс кестесі. Жалпы тәртіп. Құқық.**

### **I. ЖҰМЫС КЕСТЕСІ**

1. Мектеп аптасына 5 күн, екі ауысымда жұмыс жасайды. 2. «Балбөбек» шағын орталығы 5 күн жұмыс жасайды. 3. Шағын орталық тәрбиешілері аптасына ағын орталық тәрбиешілері сағ. 8.00-ден 8.30-ға дейін тәрбиеленушілерді қабылдайды.

4. Шағын орталық тәрбиешілері аптасына 30 сағ., күніне 6 сағ. 5. Мектеп кіші персоналы 5 жұмыс күні.

2. Оқу жылы 196 күннен тұрады. Мектеп демалыстары білім және ғылым министрлігінің шешіміне сай жүргізіледі.

3. Сыныптардағы оқу процесі 30 тамызға дейін мектеп басшысының оқу ісі орынбасары құрастырған сабақ кестесі бойынша жүргізіледі. Сабақ кестесі басшысымен бекітіледі.

4. Сабақтар 8.30-да басталады. Сабақ 45 минут жүргізіледі, үзілістер (5, 15) минут. Тамақ ішу кезіндегі үзіліс 15 минут. Сабаққа 2 минут қалған уақытта ескерту қоңырау соғылады.

### **Қоңырау кестесі:**

I ауысымдағы қоңырау кестесі:

Дүйсенбі	Сейсенбі-жұма
0. 8.30 – 8.55	1. 8.30-9.15
1. 9.00-9.45	2. 9.20-10.05
2. 9.50-10.35	3. 10.20-11.05

II ауысымдағы сабақ кестесі:

Дүйсенбі	Сейсенбі-жұма
0. 14.00-14.25	1. 14.00-14.45
1. 14.30-15.15	2. 14.50-15.35
2. 15.30-16.15	3. 15.50-16.35



3. 10.50-11.35	4.11.20-12.05	3.16.25-17.10	4.16.45-17.30
4. 11.50-12.35	5.12.10-12.55	4.17.15-18.00	5.17.35-18.20
5. 12.40-13.25	6.13.00-13.45	5.18.05-18.50	6.18.25-19.10
6. 13.30-14.15	7.13.50-14.35		
7. 14.20-15.05			

5.Мектепте ақысыз үйірмелер жұмыс жасайды.

6.Мектеп сайтында мектептің жұмысына бағыт беретін ақпараттар жарияланады; Мектепке қабылдау тәртібі,мектепшілік тәртіп ережелері,сабақ кестесі,мектептің байланыс құралдары.

## **II.ЖАЛПЫ ТӘРТІП**

1.Мектеп түнгі күзетшіден кезекші әкімшілік ғимаратты 8.00-де қабылдап алып,ашады. Жауапты кезекші мұғалім мен кезекші оқушылар бірінші сабаққа 15 минут бұрын келеді. Кезекшілікті ұйымдастыру мектептегі кезекшілік туралы ережеге байланысты іске асырылады.

2.Мектепке оқушылар мен мұғалімдер сабаққа 15 минут қалғанда келеді.

3.Шешінетін орындарда ұрлыққа жол бермес үшін ақшалар және басқа да бағалы заттар қалдырылмайды. Жеке заттар жоғалған жағдайда ол туралы ізінше сынып жетекшісіне және мектеп әкімшілігіне хабарланады.

4.Сабақ уақытындағы үзілістер оқушылар мен мұғалімдердің демалуына,тамақтануына,келесі сабаққа дайындалуына және т.б қолданылады. Үзіліс кезінде кезекші мұғалімдер және оқушылар өз орындарын тәртіппен,тазалықпен қамтамасыз етеді.

5.Оқушылар және мұғалімдер мектеп асханасы мен буфеттерде тамақтана алады. 8.30-дан 14.35-ке дейін бірінші ауысым,14.00-ден 19.10-ға дейін екінші ауысым.

6.Оқушылар асханаға мұғаліммен бірге келеді,өздерін тәртіпті,әдепті ұстайды,шуламайды. Тамақты рәсуалауға және лақтыруға,сонымен қатар асханадан шығаруға тыйым салынады.

7.Асханада оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруды,тәртіптерін қадағалауды,асханадағы кезекші және асханаға оқушыларды әкелген мұғалім іске асырады.

8.Оқу үрдісі кезінде бөтен адамдарға,ата-аналарға,әкімшіліктің келісімінсіз мектепке кіруге рұқсат етілмейді. Мектеп ғимараты және аумағына жіберу тәртібін бірінші посттағы кезекші іске асырады. Мектепке шақырылған қонақтар,ата-аналар жайлы мектеп әкімшілігі бірінші посттағы кезекшіге күні бұрын хабарлап отырады.



9.Сабақ аяқталған соң мұғалім оқушыларды гардеробқа шығарып салады. Мұғалім мектептен шықпас бұрын терезелерді тексереді, бөлмелер мен сараптама бөлмелерінің жарықтарын өшіреді.

10.Сабақтан кейін іс-шараларға, консультацияларға қатыстаны оқушылар гардеробтан сыныптастарымен бірге өз киімдерін алуға міндетті. Осы ережелерді орындамаған жағдайда мектеп әкімшілігі оқушының заттары үшін жауап бермейді.

11.Оқушылардың мектеп ғимаратынан шығуын кезекші мұғалім, әкімшілік және бірінші посттағы кезекші ұйымдастырады.

12.Сабақтан тыс іс-шаралар жоспар бойынша өткізіледі. Іс-шараларды ұйымдастырушылар гардеробшымен келісе отырып, іс-шараның өту орны мен уақыты туралы кезекші әкімшілікке және бірінші посттағы кезекшіге хабарлайды. Сабақ уақытында және демалыс күндері іс-шараны ұйымдастырушылар оқушыларды мектептің фойесінде күтіп алып, іс-шаралар өтетін орынға шығарып салады.

13.Келушілерді қабылдау. Ата-аналар, оқушылар, мұғалімдер және басқа да қызығушылық танытқан адамдармен кездесуді реттеу мақсатында мектеп басшысы және әкімшілік кеңесінің мүшелерімен қабылдау кестесі бекітіледі. Қабылдау кестесі хабарлама тақталарына ілінеді, мектеп сайтында жарияланады. Оқушылардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында фойесінде барлық келушілерге тіркеу жүргізіледі. Келуші өзін таныстырып, жеке куәлігін немесе паспортын ұсынуға міндетті. Келуші сөмкесіндегі заттарын тексертіп, сырт киімін шешуі қажет.

14.Мектептің ата-аналар жиналысы әкімшілік бекіткен кесте бойынша өткізіледі. Жоспардан тыс іс-шаралар туралы сынып жетекшісі немесе пән мұғалімі кезекші әкімшілікке бір күн бұрын хабарлауға тиіс.

15.20.-ден 08.00-ге дейін мектеп ғимараты және оның ауласы күзетшінің бақылауында болады.

### **ІІІ. ІШКІ ТӘРТІПТІҢ БІРЫҢҒАЙ ФОРМАЛАРЫ**

1. Мектепке оқушылар мен қызметкерлердің психологиялық және физикалық қауіпсіздігін, денсаулығын сақтауды мектеп қызметкерлері қамтамасыз етеді.

2.Мектеп оқушылары, мұғалімдері, келушілер жалпы тәртіп ережелеріне сай өзара әдепті қарым-қатынаста болады. Мұғалім «Педагог Статусы» заңына сәйкес өз құқықтарын, міндеттерін орындап қолданады, педагогикалық әдепті сақтайды.

3.Бір –біріне физикалық және моральды түрде күш көрсетуге тыйым салынады және жазаланады. Жәбірленген оқушы мектеп кез-келген қызметкерінен көмек сұрауына, ал жәбірленген қызметкер мектеп әкімшілігінен көмек алуына құқылы.



4. Оқушы басқа оқушыға күш көрсетіліп жатқанын көрген жағдайда, өзі араласпай ізінше мектеп қызметкерлеріне хабарлауға тиіс.

Мұғалім, қызметкер болған жағдайға көңіл аударып, ізінше құқық қорғау құрылымдарының қызметшілерін шақыртуға міндетті.

5. Мектеп мұғалімдерге, оқушыларға және ата-аналарға тыйым салынады:

а) Қоршаған орта үшін қауіпті жағдай тудыратын кез-келген іс-әрекет жасау;

ә) Қарым-қатынасты анықтау үшін қорқыту, ақша талап ету;

б) суық қару, шприцтер, перотехникалар, ішімдік сусындар, нашақорлық заттарды әкелу, бір-біріне беру немесе қолдану;

г) Ғимараттың ішінде, ауласында темекі шегуге;

ғ) Ұялы телефондарды сабақта және сыныптан тыс іс-шаралар кезінде қолдануға және оқушыларға 5000 теңгеден қымбат ұялы байланыс телефонын ұстауға және «смартфон» пайдалануына тыйым салу басқа да электрониканы қолданбау; мұндай заттар (телефон, плеер т.б) сабақ уақытында партаның үстінде жатпауға тиіс.

д) Мұғалімнің, мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз аудио және виео түсірілімдер жасауға болмайды.

е) Карта, азарттық ойындар ойнамау;

ж) Төтенше жағдай қажет болмағанда, эвакуациялық баспалдаққа шықпау, есіктерді ашпау;

з) Негізгі мектеп оқушыларына үзіліс және сабақ уақытында мектептің ауласынан шықпау;

и) Жоғалған бағалы заттарға (алтын бұйымдар, ұялы телефондар) мектеп әкімшілігі жауап бермейді.

6. Талаптар орындалмаған жағдайда сақтауға алып қоюға құқылы. Сақтауға алынған заттар ата-аналарға немесе қамқоршыларына беріледі.

7. Мектептің әрбір оқушысы және қызметкері мектеп ауласындағы қауіпсіздікті сақтап, жоспарланған сыныптан тыс іс-шаралар өтіп жатқанда жолда жүру ережесінің талаптарын қатаң орындайды.

8. Мектеп ауласында оқушылар мен қызметкерлердің өміріне қауіп төндіретін жағдайларды ескерту үшін, мектеп әкімшілігі заңмен қарастырылған және жеке тұлғаны қорғау туралы заңның талаптарын ескере отыра, бақылау жүйелерін видеокамера қолданады.

**СЫРТ ПІШИНГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.**

9. Оқушының сырт пішіні оқу үрдісінің мақсатына сай болуы тиіс. Оқушылар мен мұғалімдер іскерлік стильде киінеді. Күнделікті іскерлік стиль – бұл классикалық стильдегі немесе қазіргі талапқа сай тігілген киімдер: а) қыз балалар үшін пиджак, жилет, қою көк түсті юбка және қою көк түсті галстук ұсынылды. Күнгірт түсті аяқ киім бсм биік болмауы тиіс. ә) Ұл балалар үшін: пиджак, жилет, қою көк түсті шалбар, мерекелік жейде ақ түсті ал күнделікті жейде көгілдір түс және қою көк түсті галстук, мерекелік күнге қара көбелек ұсынылды.

10. Іскерлік стильге жатапайтындар: а) Спорттық киімдер, футболкалар, қысқа кеудешелер, ашық өңірлі блузкалар т.б; ә) Джинсылар, шалбарлар, қысқа белдемшелер, тізеден 10см жоғары белдемшелер т.б. б) Селдір, түрлі-түсті киімдер т.б в) Аксессуарлар: Оқушыларға қарапайым алқалар мен косметикалар, түссіз лакпен боялған қысқа тырнақтар.



11. Дене шынықтыру сабақтарында және сыныптан тыс іс-шаралар өткізген уақытта оқушылар спорттық киімдер киюге міндетті.: футболка, спорттық костюм және аяқ киім.

12. Сыныптан тыс іс-шараларды өткізген уақытта оқушыларға өз қалауынша киім үлгісін қалауына болады.

#### **IV. ОҚУ ҮРДІСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ҚҰҚЫҚТАРЫ:**

Барлық оқу үрдісіне қатысушылар (оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар) құқылы:

1. Мектептің оқу-тәрбие ісіне қатысты ақпараттарына мүмкіндік алуға, барлық өзгерістер жайында дер кезінде ақпараттар алуға; Ақпараттар мектеп сайтында жарияланады, оқушыларға сабақта, сынып сағаттарында, ата-аналарға, ата-аналар жиналысында айтылады; мұғалімдерге кеңестерде және электронды пошта арқылы беріледі.
2. Қажет болған жағдайда берілетін қосымша көмек. Оқушылар оққ бағдарламасымен қарастырылған материалды түсіну үшін, мұғалімдер бекіткен кесте бойынша жүргізілетін консультацияларда; ал ата-аналар және мұғалімдер әкімшілік бекіткен қабылдау сағаттарында мәлімет ала алады.
3. Іс-әрекеттің объективті және нақтыланған бағасы. Оқушылар мен ата-аналар мектептің жүйелі бағалау арқылы, мұғалімдерге оқу жылының соңында аналитикалық талдау жасай отырып, нақты бағасын береді.
4. Денсаулықты қорғауға: оқу орындарында және қауіпсіздік жағдайларда санитарлық нормаларды сақтау; жұмыс жүктемесінің нормаларын анықтау. Оқушылардың апталық оқу жүктемесінің және бір күндік бақылау жұмыстарының нормалары сақталған; мерзімнен тыс жұмыс жағдайы және компенсациясы мұғалімдермен келісілген.
5. Уақытында ескертілген болса, нақты себеппен жұмыстан, оқудан босатылады. Оқушылар, ата-аналар бұл жайында сынып жетекшісінен күнделік.кз, ватсап арқылы ақпарат алады.
6. Қамқорлық кеңес, ата-аналар алқасы және мектептің өзін-өзі басқару жұмыстарына қатысады.
7. Мектептің оқушылары және ата-аналарымен жыл сайын сауалнама жүргізе отырып, аналитикалық талдау барысында өз пікірін айта алады.

#### **II тарау. ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ**

##### **1. НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР**

Мектеп оқушылары Қазақстан Республикасының Заңнамалары актілерін орындауға міндетті, сонымен қатар:

1. Үнемі сабаққа қатысады, өз мүмкіндігінше оқиды, дамиды. Сабаққа қатыспаған жағдайда электронды журналда өзінің сабаққа қатыспағандығын дәлелдейтін құқықтық анықтамасы көрсетіледі.
2. Сабаққа қатыспаған жағдайда оқушы өз бетімен оқу материалдарын талдап, электронды журналдан ақпараттарды оқып, сабаққа дайындалады. Егер де қандай бір жағдаяттар туындаса, кесте бойынша бекітілген консультацияларда мұғалімнен көмек сұрай алады.
3. Оқушы сабақта мұғалім белгілеген орында отырады. Оқушы мұғалімнің берген үй тапсырмасын күнделікке жазуға міндетті.



4. Мектептің өткізілетін іс-шараларына және сабақтарға кешікпеуге міндетті. Ескерту қоңырауы соғылғаннан кейін оқушы сыныпқа кіріп сабаққа дайындалады, ал екінші қоңырау соғылғанда, ол сабаққа дайын болуы керек. Егер оқушы сабаққа кешігіп қалса, себебін түсіндіріп, мұғалімнің рұқсатымен ғана өз орнына отырады.
5. Сабақ та пән мұғалімінің талаптарын орындайды. Сабақ тәртібін сақтап, сабаққа қажетті барлық лқу құралдарын дайындайды. Оқушыларға сабақ барысында басқа нәрсемен айналысуға, мұғалімнің рұқсатынсыз басқа орынға отыруға, өз орынан тұрып сыныптан шығып кетуге қатаң тыйым салынады.
6. Сабақ аяқталмас бұрын мектептен шығуға сынып жетекшісінен немесе кезекші әкімшіліктен рұқсат алады. Оның себебі, баланың аурып қалуы, ата-анасының анықтамасы, басқа мемлекеттік мекемеге шақырылуы және т.б болып саналады.
7. Мектептің ғимаратындағы құрал жабдықтарға, оқулықтарға, оқу құралдарына мұқият қарайды. Мектептің мүлкіне зиян келтірген жағдайда, оқушы және ата-анасы қойылған тәртіп бойынша мүліктің бағасын өтейді.
8. Мектептен алған оқулықтары мен басқа да оқу құралдарын оқу жылының соңында немесе мектептен кетіп жатқан жағдайда тапсырады.
9. Мектептің ішінде және оның аумағында тәртіп пен тазалықты сақтайды, сыныптағы кезекшілікті ұқыпты орындайды.
10. Жас ерекшеліктеріне қарай еңбекке, мектептің және сыныптың ұжымдық еңбектеріне қатысады.
11. Өрт қауіпсіздігі және техника қауіпсіздігі ережелерін сақтайды.

## **II. ОҚУШЫЛАРҒА ӘСЕР ЕТУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТУ ШАРАЛАРЫ**

Берілген тарау мектеп оқушыларына әсер ету және қолдау шараларын реттейді, оқушы құқықтары мен міндеттерін орындауына байланысты мадақтап отырады.

1. Төменде берілген шаралардың ықпалдары: а) Мектепте жұмыла жемісті еңбек жасау үшін қолайлы жағдай жасау; ә) Оқушылардың белсенділігін арттыруға жағдай жасау; б) Ішкі тәртіптің ережелерін орындауға және саналы тәртіпке негізделген мектеп тәртібін қолдау; в) Мектеп қауіп-қатер төндіретін жағдай туындағанда ескерту;
2. Оқушы үздік оқыған және пән олимпиадаларында жүлделі орындарға ие болғаны үшін, спорттық жарыстарға, оқу және шығармашылық сайыстарға, мектептің қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқаны үшін келесі марапаттамалар беріледі. а) Қорытынды бақылау жұмысынан, сынақ тапсырудан мұғалімнің рұқсатымен босатылады. ә) Мектептің бұйрығы бойынша оқушыларға, барлық ұжым мүшелеріне, ата-аналарға хабарлай отыра алғыс жариялайды. б) Алғыс хат және мадақтамамен марапатталады. в) Басшының қатысуымен салтанатты жиынға шақырылып, бағалы сыйлықтар беріледі. г) Ата-аналарды алғыс хатпен марапаттайды.
3. Жоғарыда көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда оқушыға қатысты мектепте келесі шаралар қолданылады: а) Оқушыға жеке аузша ескерту; ә) Жүнделікке ескерту жазу\электрондық журналға енгізу; б) Сынып жетекшісі және пән мұғалімі оқушының ата-анасымен баланың тәртібін



талқылайды;в)Сабақтан соң кесте бойынша бекітілген консультацияға немесе бір жарым сағаттық белгіленген жұмысты атқаруға қалуға міндетті; г)Әкімшілік оқушымен жеке сұхбат жүргізеді (қажет болған жағдайда ата-ананың қатысуымен),оқушының қол қоюы арқылы келісімге келу; ғ)жағдаятты консилиум құру;д)Оқушыға алдағы қолданылатын шаралар туралы жазбаша ескерту (мектептен шығару); е)Басшы бұйрығы бойынша жазбаша ескерту жасау; ж)Оқушының қатысуымен оның тәртібін құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы қоғамдық кеңесте талқылайды. з)Ата-ананың және кеңесінде оқушының келісімімен мектептің қоғамдық пайдалы жұмыстарына араластыру; и)Сыныптан тыс іс-шараларға қатысуға және сапарға шығуға уақытша тыйым салынады.

4.Жоғары тұрған органдардың әрекеттесуі,педагогикалық кеңестің шешімімен 10-11 сынып оқушылары мектептен шығарылуы мүмкін. Оған негіз болатындар: а)Ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны жөнінде бірнеше жазбаша тіркелген тәртіп бұзушылық;в)оқу жылында бір немесе екі нашар бағасы болса; с)көптеген себепсіз босатылған сабақтар (бір жарты жылдықта 30-дан астам);

5.Басшының бұйрығы бойынша оқушы бір дөрекі қылығы үшін мектептен шығарылуы мүмкін.

6.Егер көрсетілген шаралар еш нәтижеге жетпеген болса немесе оларды оқушы мен ата-ананың байланысы болмағандықтан пайдалана алмаса, онда мектеп әлеуметтік қызметі қала басқарушы біөліміне немесе қалалық басқарушы бөлімге шағымданады.

### III. ТАРАУ

Берілген шаралар заңның негізінде (заңға сүйену) мемлекеттік білім беру бағдарламасының аясында тегін білім алуға құқылы етеді.

1.Ата –ана мектеп жасындағы баланың үйде және мектепте оқуына қолайлы жағдай жасай отырып,оның дамуына мүмкіндік беруге міндетті.

2.Ата –ана мектеп **Ата –аналар және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері:**

1.Оқушылардың ата –аналары міндетті:

-оқушылардың мектептің Жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтауын қадағалауға;

-мектеп педагогтарына балалардың білімді табысты игеруіне барынша көмектесуге;

-мектептің педагогикалық ұжымымен,балалармен және қызметшілермен қарым –қатынас жасау барысында этикалық нормаларды сақтауға;

-ата –аналар (заңды өкілдері) жалпы мектепшілік және сыныптың ата-аналар жиналысына қатысуға;

-ата-аналар қоғамының қызметіне белсенді түрде қатысуға;

-білім беру мекемесіндегі сабақтарға балалардың қатысуын қамтамасыз етуге;

-«үй-мектеп», «мектеп-үй» бағытындағы балалардың өмірі мен денсаулығына жауапты болуға;

-өз балалары мектеп мүлкін бұзған жағдайда материалдық жауапкершілікке тартылуға;

-сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шаралар ұйымдастыру мен өткізуге көмектесуге;



-ынтымақтастық келісімшартында анықталған басқа да барлық қосымша міндеттерді орындауға;

2. Оқушылардың мектеп формасында келуін қамтамасыз етеді. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы, 15 тармақ);

3. Қазақстан Республикасының «Балаларды қадағалаусыз қалдырудың алдын алу және жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алу»

Заңының, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 443-бабы негізінде, («кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғын жайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы-заңды өкілдеріне айыппұл салуға әкеп соғады») демалыс және каникул күндері сабақтан тыс уақыттарында баланың тәртібін қадағалайды. Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың жеке қауіпсіздігі, жолда жүру ережесі мен өрт қауіпсіздігін сақтауына ықпал етеді.

4. Ата – аналар (заңды өкілдер) мектептің оқушыларын қымбат ұялы телефон (смартфон), планшет (iPad), MP3 плеер, сағат (GPS) және құлаққа салғыш алып келуге қатаң тыйым салып және оны мектепке алып келмеуін қадағалауға міндетті.

5. Оқушылардың ата – анасы құқылы:

- Белгілі бір оқу кезеңінің аттестациясына сәйкес мектептің ғылыми – әдістемелік кеңесінің алдында өзінің баласының бір сыныптан екінші қатарлас сыныпқа ауыстырылуы туралы сұраныс жасауға;

- өз баласының жеке дара жоспар бойынша оқуы жайлы, экстернатқа дейін ауысуы туралы ұсыныс жасауға;

- өз баласына келісімшарт негізінде қосымша қызмет алуға;

- өз баласын басқа білім мекемесіне ауыстыруға;

#### **IV. Мектеп қызметкерлерінің негізгі міндеттері:**

1. Мектеп Жарлығында жазылған міндеттерді, лауазымдық нұсқауларды қатаң сақтау.

2. Әкімшілік бұйрығын уақытында орындау, берілген жұмыс уақытын сақтау, еңбек тәртібін сақтап, жұмысқа уақытында келу.

3. міндетті түрде іскер киім үлгісін сақтау (Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 8 қаңтардағы №9 бұйрығы, 3 тармақ, 10 тармақша);

4. Еңбектің жоғары нәтижесіне жету үшін жұмыс сапасын жоғарлатуға талпыну, орындау тәртібін сақтау, үнемі шығармашылық талапта болу.

5. Әр түрлі іс-шараларды өткізуде немесе дайындауға өте ұқыпты болу, өрт қауіпсіздігі және еңбек қауіпсіздігінің нұсқауларын қатаң сақтау.

6. Жарақат болған жағдайда, оның ауртпашылығына қарамай мектеп жетекшілеріне хабарлап, алғашқы көмек көрсету, қажет болған жағдайда жедел жәрдем шақыру.

7. Жұмыс орнын таза ұстау, құнды заттар мен құжаттарды бекітілген тәртіп бойынша сақтау;

8. Заттар, жылу мен ток көзін үнемі жұмсау. Оқушыларды мектеп мүліктеріне, заттарына ұқыпты қарауға тәрбиелеу;

9. Медициналық байқау тәртібі бойынша белгіленген мерзімде медициналық байқаудан өту, қажет болса егілу;



10. Мұғалімдер сабақ және қоңырау кезінде өзіне бекітілген аумақтағы оқушылардың өмірі мен денсаулығына жауапты.

11. Мұғалім оқушы сабаққа кешігіп келсе, мектеп әкімшілігіне хабарлауы тиіс. Егер оқушы немесе оқу құралдарын үйде ұмытқан жағдайда мұғалім баланы үйге жіберуге, тәртіп бұзғаны үшін сыныптан шығарып жіберуге құқысы жоқ. Сондай –ақ, тәртібі үшін мұғалім журналға «2» қоюға құқысы жоқ.

12. Сабақ біткен соң мұғалім оқушыларды қатаң түрде төмендегі жағдайларда ғана ұстауға құқылы:

- сынып сағаттары мен жиналыстарда;
- сыныптан тыс және мектеп бойынша мерекелерде;
- сынақтар, қосымша сабақтар кезінде.

13. Мектепшілік кезекшілік кезекші әкімшілікпен (кесте бойынша), кезекші мұғалімдер мен кезекші сыныптар, этаж бойынша кезекші мұғалімдермен (кесте бойынша) атқарылады. Егер кезекшілік мұғалімнің әдістемелік күніне түсіп тұрса, кезекшілікке жіберілмейді. Кезекші әкімшілік және сұғалім сабақ басталғанға дейін кезекші әкімшілік және сұғалім сабақ басталғанға дейін 30 минут бұрын мектепте болуы керек.

14. Өрт және басқа да апаттың кезінде мұғалімдер бекітілген эвакуацияның жоспарымен жұмыс істейді.

15. Педагогика қызметкерлері педагогика кадрларының жағдайына сәйкес 5 жылда бір рет аттестациядан өтеді.

Кезекші мұғалім жауапты:

- сыныптың мектеп бойынша кезекшілігіне;
- қоңыраудың уақытында соғылуына;
- мектеп ішіндегі тәртіптің орындалуына;
- қабаттардағы кезекшіліктерге.